

Қостанай облысы Сарықөл ауданы Веселоподол ауылдық округінің жергілікті қоғамдастырының бөлек жиындарын өткізудің қағидаларын және жергілікті қоғамдастық жиыннына қатысу үшін ауылдар тұрғындары өкілдерінің сандық құрамын бекіту туралы

### ***Күшін жойған***

Қостанай облысы Сарықөл ауданы мәслихатының 2018 жылғы 10 сәуірдегі № 155 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 4 мамырда № 7737 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Сарықөл ауданы мәслихатының 2023 жылғы 25 қыркүйектегі № 59 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Сарықөл ауданы мәслихатының 25.09.2023 № 59 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

Ескерту. Тақырып жаңа редакцияда - Қостанай облысы Сарықөл ауданы мәслихатының 18.02.2022 № 117 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қантардағы Қазақстан Республикасы Заңының 39-3-бабының 6-тармағына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 қазандағы № 1106 "Бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізуудің үлгі қағидаларын бекіту туралы" қаулысына сәйкес, Сарықөл аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Қоса беріліп отырған Қостанай облысы Сарықөл ауданының Веселоподол ауылдық округінде бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізуудің қағидалары бекітілсін.

2. Қостанай облысы Сарықөл ауданының Веселоподол ауылдық округінің жергілікті қоғамдастық жиындарына қатысу үшін ауылдар тұрғындары өкілдерінің сандық құрамы осы шешімнің қосымшасына сәйкес бекітілсін.

3. Сарықөл аудандық мәслихатының 2014 жылғы 8 тамыздағы № 197 "Қостанай облысы Сарықөл ауданының Веселый Подол ауылдық округінде бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізуудің Қағидаларын және жергілікті қоғамдастық жиындарына қатысу үшін ауылдар тұрғындары өкілдерінің сандық құрамын бекіту туралы" шешімінің (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5012 болып тіркелген, 2014 жылғы 4 қыркүйекте "Сарықөл" газетінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі.

Кезектен тыс сессияның төрағасы

Аудандық мәслихат хатшысы

Т. Жаугаштин

К. Базарбаева

## КЕЛІСІЛДІ

Сарықөл ауданының  
Веселоподол ауылдық  
округінің әкімі

Ж. Мейрембаев

Мәслихаттың

2018 жылғы 10 сәуірдегі

№ 155 шешімімен бекітілген

## Қостанай облысы Сарықөл ауданы Веселоподол ауылдық округінің жергілікті қоғамдастырының бөлек жиындарын өткізудің қағидалары

Ескерту. Қағидалар жаңа редакцияда - Қостанай облысы Сарықөл ауданы мәслихатының 18.02.2022 № 117 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі).

### 1. Жалпы ережелер

1. Осы Қостанай облысы Сарықөл ауданы Веселоподол ауылдық округінің жергілікті қоғамдастырының бөлек жиындарын өткізудің қағидалары "Қазақстан Республикасында жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 39-3-бабы 6-тармағына және "Бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің үлгі қағидаларын бекіту туралы" 2013 жылғы 18 қазандағы № 1106 Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысына сәйкес әзірленді және Веселоподол ауылдық округінің ауылдар тұрғындарының жергілікті қоғамдастырының бөлек жиындарын өткізудің тәртібін белгілейді.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) жергілікті қоғамдастық – шекараларында жергілікті өзін-өзі басқару жүзеге асырылатын, оның органдары құрыллатын және жұмыс істейтін тиісті әкімшілік-аумақтық бөлініс аумағында тұратын тұрғындардың (жергілікті қоғамдастық мүшелерінің) жиынтығы;

2) жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиыны – ауыл тұрғындарының (жергілікті қоғамдастық мүшелерінің) жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін өкілдерді сайлауға тікелей қатысуы.

### 2. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізудің тәртібі

3. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынын өткізу үшін ауылдық округтің аумағы участкерлерге (ауылдар) бөлінеді.

4. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарында жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін саны үш адамнан аспайтын өкілдер сайланады.

5. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынын Веселоподол ауылдық округінің әкімі шақырады және ұйымдастырады.

6. Жергілікті қоғамдастықтың халқына жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарының шақырылу уақыты, орны және талқыланатын мәселелер туралы Веселоподол ауылдық округінің әкімі бұқаралық ақпарат құралдары арқылы немесе өзге де тәсілдермен олар өткізілетін күнге дейін күнтізбелік он күннен кешіктірмей хабарлайды.

7. Ауыл шегінде бөлек жергілікті қоғамдастық жиынын өткізуді Веселоподол ауылдық округінің әкімі ұйымдастырады.

Көше шегінде көппәтерлі үйлер болған жағдайда, көппәтерлі үйдің бөлек жиындары өткізілмейді.

8. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынының ашылуы алдында тиісті ауылдың қатысып отырған, оған қатысуға құқығы бар тұрғындарын тіркеу жүргізіледі.

Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиыны осы ауылда тұратын және оған қатысуға құқығы бар тұрғындардың (жергілікті қоғамдастық мүшелерінің) кемінде он пайызы қатысқан кезде өтті деп есептеледі.

9. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынын Веселоподол ауылдық округінің әкімі немесе ол уәкілеттік берген тұлға ашады.

Веселоподол ауылдық округінің әкімі немесе ол уәкілеттік берген тұлға жергілікті қоғамдастық бөлек жиынының төрағасы болып табылады.

Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынының хаттамасын ресімдеу үшін ашық дауыс берумен хатшы сайланады.

10. Жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауыл тұрғындары өкілдерінің кандидатураларын аудандық мәслихаты бекіткен сандық құрамға сәйкес жергілікті қоғамдастық бөлек жиынына қатысушылар ұсынады.

11. Дауыс беру ашық тәсілмен әрбір кандидатура бойынша дербес жүргізіледі . Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынына қатысушылардың ең көп даусын жинаған кандидаттар сайланған болып есептеледі.

12. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиында хаттама жүргізіледі, оған төраға мен хатшы қол қояды және ол Веселоподол ауылдық округі әкімінің аппаратына беріледі.

**Қостанай облысы Сарықөл ауданы Веселоподол ауылдық округінің жергілікті қоғамдастырының жиындарына қатысу үшін ауылдар тұрғындары өкілдерінің сандық курамы**

Ескеरту. Қосымша жаңа редакцияда - Қостанай облысы Сарықөл ауданы мәслихатының 18.02.2022 № 117 шешімімен (алғашқы реңми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Елді мекеннің атауы	Қостанай облысы Сарықөл ауданы Веселоподол ауылдық округінің ауылдар тұрғындары өкілдерінің саны (адам)
Қостанай облысы Сарықөл ауданы Веселоподол ауылдық округінің Веселоподол ауылының тұрғындары үшін	3
Қостанай облысы Сарықөл ауданы Веселоподол ауылдық округінің Ананьевка ауылының тұрғындары үшін	2

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК